

АЛҒАШҚЫ 900 ОРЫНДЫҚ «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» АШЫЛДЫ



Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақжамат Ақшамы

№40
(1743)
3 қазан
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжамат Ақшамы Газеті

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ - СПОРТҚА СЕРПІН

Қала күні қарсаңында Сыр елінде бірқатар әлеуметтік нысан ел игілігіне табысталды. Соның бірі – үстел теннисі орталығы.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа орталықтың салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құттықтады.

Мерекелік іс-шараға «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

– «Бүгін ел игілігіне берілген үстел теннисі орталығы Сыр спортына жаңа серпін әкеліп, жеңімпаздар сыйлайды деп сенеміз. Сүйікті Қызылордамыздың келбетіне көрік қосатын өсем ғимараттардың қатарын толықтырған орталықтың қолданысқа берілуі баршаңызға құтты болсын!

Облыстың қарқынды дамуына қажетті әлеуметтік нысандардың салынуына зор үлес қосқан «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мүшесі, басқарма төрағасы Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлына және «Самұрық-Қазына Траст» корпоративтік қорының бас директоры Адиева Альфия Дәулетқалиқызына Сыр жұртшылығы атынан ризашылық білдіремін. Сонымен қатар орталықтың құрылысын сапалы жүргізген «Дәнекер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне алғыс айтамыз. Еліміздің көк байрағы дүбірлі додаларда биікте желбіреп, спортшыларымыз жеңіс тұғырынан көрінсін!», – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Іс-шарада «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, облыстық үстел теннисі федерациясының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов сөз сөйлеп, игі тілек білдірді. Мердігер «СК Дәнекер» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Халықтың сұранысына сәйкес үстел теннисі орталығын салуға облыстық бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлініп, құрылыс биыл басталды. Оған «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 млн. теңге қаржы бөлді. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс жасайды.

470 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Қала күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың сол жағалауындағы №2 шағын ауданға салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үйді салтанатты табыстау рәсімі өтті.

Іс-шараға жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімі жаңа пәтер иелерін қоныс-тоймен құттықтап, аймақтың құрылыс саласындағы жаңалықтарға тоқталды.

– «Халықты баспанамен қамту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында соңғы 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

Өңірде жыл басынан бері 900-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Биыл мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд. 100 млн. теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінде оң серпін сақталып, облысымыз республика бойынша алдыңғы қатарға тұрақтады. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болса, бүгінде 744 млрд. теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

Тұрғындарды электр энергиясымен үздіксіз қамту бағытында 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Бұл желілердің тозу деңгейін 66 пайыздан 62 пайызға төмендетті.

Қалада инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы уақытқа дейін Қызылорданың ең басты коммуналдық проблемасы болып келген көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен қаламыздағы 625 үйге

ыстық су жеткізіледі. Жобаның жалпы құны 26 млрд. 200 млн теңге, бірінші кезеңде, яғни биыл 187 үйге, екінші кезең, яғни алдағы жылы тағы 237 үйге ыстық су қосылады.

Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Бүгін өкпе-қорғаз-бен бірге тағы 500-ге жуық отбасының қуанышын еселемекпіз. Қоныстарыңыз құтты болсын!» – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында сол жағалаудың сәулетін арттырған зәулім үйлерді салған құрылыс компанияларының қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Назмадин Мұсабаев жаңа қоныс иелеріне ақ батасын берді. Жаңа үйдің пәтер кілтін алғандар қатарында ұстаздар, медицина, мәдениет және спорт салаларының қызметкерлері және өзге де сала мамандары бар.

Кейінгі жылдары Қызылордадағы құрылыс қарқынды. Өсіресе, әлеуметтік нысандар көптеп салынууда.

Елді мекендерді газдандыру бойынша 20 жоба іске асуда. Жыл соңына дейін өңірді газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Орталықтандырылған ауыз сумен қамтуға бағытталған 13 жоба бар, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары жөндеуден өтуде. Осылайша облыс аумағындағы жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп, «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, «Саутс ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, «Шығармашылық академиясы», емхана-сы және онкологиялық бөлімшесі бар көпбейінді аурухана, Орталық стадион, жабық бассейні бар кешсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Осындай игі істердің жалғасы ретінде «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің іргетасы жақын күндері қаланады.

Өткен жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 16 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Қалған 11 медициналық нысан жыл соңына дейін табысталады.

Қала күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорданың сол жағалауына салынған 900 орындық білім ошағының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы қала тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін айтты.

– «Жас ұрпақтың білімі мен оқу-ағарту ісіне барынша көңіл бөлу – мемлекетіміздің ең маңызды міндеті. Биыл өңірдің білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд. 100 млн. теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,2 пайызын құрады.

Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы еліміздің барлық аймағында жүзеге асырылуда. Ұлттық жоба аясында 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп салынады. Осы жобамен өңірімізде 12 300 орынға лайықталған 21 мектеп салу жоспарланған, оның 10-ның құрылысы жүргізілуде. «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру арқылы аймағымыздағы 4 апатты және 3 бейімделген мектептің мәселесі түбегейлі шешімін табады.

Республикалық бюджеттің тікелей қаржыландыруымен, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен, 6 млрд. 851 млн. теңгеге салынған облыстағы алғашқы 900 орындық «Жайлы мектеп» ел игілігіне берілуде. Бұл ғимарат Қызылорда қаласының сол жағалауы тұрғындарының мемлекеттік мектепке деген сұранысына толық жауап береді.

Білім ордасында шәкірттердің барлық пәнді оқып үйренуіне, ұстаздардың шығармашылықпен еңбек етуіне толық мүмкіндік жасалған. Өскелең ұрпақтың игілігі үшін Жанакорған, Шиелі аудандарында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі, «СаутсОйл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, Шығармашылық-инновациялық орталық, «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты салынууда. Мектеп-интернат екінің тоқсанына пайдалануға берілді.

Жаңа мектеп салу, апатты мектептер мен үш ауысымдық оқуғанды жою – білім саласындағы басым бағыттың ең маңыздысы. Осы білім ошағында ұстаз бен шәкірт, мектеп пен ата-ана байланысы артып, алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді де талантты, санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиеленіп шығарына сеніміміз мол.

Жаңа оқу жылында биік табыстарға қол жеткізіп, алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын! Ел мүддесі жолындағы игі істерді бірге атқарайық, жетістікке бірге жетейік! Егемен еліміздің ертені еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мәулен Айтманбетов қала тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, қатысушыларға игі тілегін жеткізді.

Жыл соңына дейін 12 жаңа мектеп және 4 мектеп жанындағы қосымша құрылыс аяқталып, пайдалануға беріледі. Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектепте 1 850 оқушыға арналған қосымша ғимарат салынды. Бюджетке салмақ түсірмей, қаржыны үнемдеу арқылы орын тапшылығы, үш ауысымды оқуға көшуі мүмкін мектептер мәселесі шешімін тапты.

Былтыр 1 170 орындық 4 мектеп, осы жылдың басында 550 орындық 2 мектеп қолданысқа берілді. Биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында Шиелі ауданында «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қорының қаржыландыруымен 100 орындық, Жанакорған ауданында жергілікті бюджет есебінен 150 орындық мектептер ел игілігіне табысталды.

Салтанатты іс-шарада заманауи білім ордасының құрылысын жүргізген мердігер мекеменің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ТЫНЫШТЫҒЫ БҰЗЫЛҒАН ТАЯУ ШЫҒЫС...

Таяу Шығыста тыныштық орнамайтына ұқсайды. Кек қуған көршілер бір-бірі айтқан түрі жоқ.

Газа секторын әбден талқандап болған Израиль енді әскерін елдің теріскей жағына, Ливан шекарасына қарай шоғырландырып жатыр. Пейджер мен рашиалар жарылып, алғыртарттары жасалып қойса да екі ел ашық соғысқа кірісе қоймады.

Таяу Шығыстағы қазіргі соғыстарға кінәліні іздеудің қажеті жоқ. Таппайсыз. Тарихына дендеп кірмесе, шытырманда аласып, қай сұрылеуге түскеніңізді өзіңіз білмей, тұмсығыңыз тасқа тиіп, уақытыңыз бен қажыр-қайратыңызды зая қыласыз. Қарапайым адамдарды қойып, сонау мың жылдықтарға ой жүгірткен сұңғыла тарихшылардың өзін қажытқан сапар – бұл. Кейбірі еврей жұртының айыпты қылады. Кейбірі ағаттықты өзара басы бірікпейтін араб тайпаларынан көреді. Тағы бір тарап өткен ғасырдың алғашқы ширегінде басынан бағы тайған батыс империяларының ыдырауы кезіндегі кінәрат деп біледі. Анығы – араб-еврей түбі тыс халықтар. Солай бола тұра бақталастықтары да сандаған ғасыр бұрын басталған. Сенетін діндерінде де бірін-бірі ашық дұшпан етіп көрсетіп қойған. Олардың арасындағы бүгінгі жүріп жатқан соғыс есте жоқ ескі заманнан бері жағаласып келе жатқан сол бақталастықтың бір парасы ғана. Бұған дейін де бірінші қанын бірі аямай төккен бұлар алдағы уақытта да осы ұстанымдарынан бас тарта қоймайтындай.

Израиль мен Ливан арасында жаңа дәуірдегі кезекті соғыстың оты тұтанып келеді. Дәлірек айтқанда, тұтанып, жынып қойған от алапат өртке ұласуы аз-ақ алдында. Тағы да жүз мыңдаған бала-шаға, қатын-қалаш жер ауып, ел кезіп, босып кеткені тұр. Былтыр қарашадағы шабуылдан соң кек қуған Израиль іргеге Газа секторын аямай бомбалып, халқын тоздырып жіберді. Қазір бұл аумақта еврейдің әскеріне қарсы тұрап күш қалмады. ХАМАС содырлары жасырынған әрбір көшені, қуыс-тегікті, шұңқырлар мен жерасты жолдарын түгел сүзіп шықты. Бұған дейін 20-30 мың сарбазы бары айтылған ХАМАС-тан бүгін әл кеткен. Бас көтерірінің көбі өліп, бұрынғыдай емес, ғаламторда да үні құмығып шығатын болған.

7-бетте

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ - "ҚАЗГЕРМҰНАЙ" СЫЙЫ

Қала күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың сол жағалауына «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нің демеушілік қаражатына салынған Оқушылар сарайы өскелең ұрпақ игілігіне табысталды. Салтанатты іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев, жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлерстерін жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– «Мемлекет басшысының қолдауымен бүгінде Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістер өңіріне айналды. Облыста биыл 187 нысанның құрылысы салынууда. Тек білім саласында 9 нысан ел игілігіне берілді. Бүгін «ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд. 350 млн. теңгеге салынған 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының салтанатты ашылуына жиналды.

Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркенінің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Қазіргі таңда өңірімізде 62 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Ондағы үйірмелерге 60 663 оқушы қатысады. Бұл ғимаратта балаларымыз бос уақытын тиімді өткізіп, пікірлес жаңа достар табады. Таным көкжиегін кеңейткен жас талапкерлер жанапалық ашып, жарқын болашағына қажетті дағдыларға



машықтанады деп сенеміз. Сіздерді жаңа Оқушылар сарайының ашылуымен құттықтаймын!

Сыр өңірі күн сайын түрленіп, өсем ғимараттарымен айшықталып, тұрғындарымыз қуанышқа бөлене берсін!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Рәсімде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев жиналған қауымды құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Жобаға 2,4 млрд. теңге бөлініп, құрылыс өткен жылдың желтоқсанында басталған. Заманауи, кофункционалды кешен ішінде техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылыжайлар мен қысқы бақ, телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері бар.

ӘСКЕРГЕ КҮШТЕП ӘКЕТУ ӘДІСІ ТИІМДІ МЕ?

Қазір Қазақстанда күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Қыркүйектің басында басталған шара желтоқсан айының аяғына дейін жалғасады. Бірақ дау-дамай көбейіп тұр. Жас жігіттерді әскерге күштеп алып кететін жағдай жиілеген. Тіпті азаматтарды көшеден, жұмысынан «ұрлап» көткені белгілі болды.

6-бетте

“ЖЫЛУДЫҢ” ТЕХНИКАСЫ ЖАҢАРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жылу-электр орталығында алдағы жылу маусымына дайындық мәселелері бойынша көшпелі мәжіліс өткізіп, мекемеге 9 арнайы техниканың кілтін табыстады.

6 жобасын жүзеге асыруға 6 млрд. 900 млн. теңге қаржы бағытталды. Үкімет резервінен «Оңтүстік» қазандығының «Вопо Energy» маркалы үш бу қазандығын жаңыртуға 2 млрд. 700 млн. теңге бөлініп,

қазандықтары жөндеуден өткізілуде. Жұмыс жылу беру маусымына дейін толық аяқталады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүреді. Нысан 2025 жылғы тамыз айында ел игілігіне табысталады.

Бүгін орталық қызметкерлерінің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін облыстық бюджеттен 521 млн. теңгеге сатып алынған 9 жаңа заманауи арнайы техниканың кілтін табыстаймыз. Жаңа техникалар ел игілігі үшін қызмет етеді деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласы және Арал ауданының Құрметті азаматы Имамадин Оңғарбаев орталық ұжымын құттықтап, бата берді.



САПАСЫЗ ЖҰМЫС – ЕКІ ҚАЙТАРА ЖҰМЫС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев денсаулық сақтау нысандарындағы күрделі жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Алдымен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына барды. Ауруханада бір

жұмыстары жүргізілуде. Бес қабаты, 235 төсек-орынға арналған ғимарат 1981 жылы салынған. «Асар» ЖШС алдағы жылға өтпелі жөндеу жұмыстарының 60%-ын аяқтаған.



ауысымда 400 адам жұмыс істейді. Ғимарат 1989 жылы пайдалануға берілген. Өткен жылы күрделі жөндеудің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. «Абу-Сер» ЖШС қазір жұмыстың 45%-ын орындаған. Нысан 2025 жылға өтпелі.

Нұрлыбек Машбекұлы “инфекцион-ныйдан” әрі қарай Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығындағы күрделі жөндеу жұмыстарын көрді. Орталық ғимаратының қабырғалары күйдірілген қыштан салынған, 1973 жылы пайдалануға берілген. Бұның да күрделі жөндеудің жоба-сметалық құжаттамасы 2022 жылы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған. «СМП-Қызылорда» ЖШС қазір жұмысты 85% аяқтаған.

Облыстық фтизиопульмонология орталығында да күрделі жөндеу

Нысандардағы жұмыс барысын көрген аймақ басшысы күрделі жөндеуге қойылатын ең басты талап – сапа екенін атап айтып, бірқатар тапсырма берді.

«Жұмыс барысында кемшіліктерді түзетуге екі апта уақыт беріледі. Сол мерзім ішінде тапсырма орындалмаса, жауапты сала басшыларына, қабылдап алушыларға шара көріледі.

– Аталған ғимараттарды күрделі жөндеу ем алушыларға кәсіби, заманауи медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру үшін қолға алынды. Қаржы-өресі шешілді, міндеттер айқындалды. Бүгін байқалған сапасыз жасалған тұстарды мердігерлер екі жұмыс қорытындысы талап үдесінен шықпаса, заң аясында шара қолданылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы кәсіпорын қызметкерлерінің қажырлы еңбегін атап өтіп, саланың дамуына алдағы уақытта да қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– «Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауының арқасында Сыр өңірінде соңғы жылдары мақсатты бастамалар қолға алынды. Экономиканың барлық негізгі көрсеткіштерінде өсім бар. Қантар-тамыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында алғашқы орыннан көрінді. Облыстың биылғы бюджеті 744 млрд. теңгенден асты. Бұл ауқымды қаражат бірінші кезекте аймақтың өзекті мәселелерін шешуге, облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуда.

Тұрғындарды жылумен үздіксіз қамту мақсатында жылу нысандарын жаңғыртуға 12 млрд. теңге қаржы қаралды. Оның ішінде 9,5 шақырым жылу желілерін жаңғыртудың

Соңғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 арнайы техника, ветеринария саласының мамандарына 59, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды.

Коммуналдық салаға да жан-жақты қолдау көрсетілуде. «Қызылорда тазалығы», КРЭК, «Қызылорда сужүйесі» мекемелеріне 42 арнайы техника табысталып, тұрғындар игілігі үшін қызмет етуде. Алдағы уақытта «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне 5, «Жасыл Қызылорда» мекемесіне 23, «Қызылорда тазалығы» мекемесіне 24 жаңа арнайы техниканың кілтін табысталамыз. Мұнан бөлек, «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына қажетті, заманауи үлгідегі 48 арнайы техника берілді.

Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес өңірдің барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 200 санитарлық автокөлік алынууда. Оның 126-сы қолданыста, қалған 74-і жақын күндері табысталады.

жұмыстар жүргізілуде. Жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен мекеменің негізгі қондырғылары мен жылу

Жылу-электр орталығына жұмысқа ең қажетті арнайы техникалар табысталды.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ ЖОСПАРҒА САЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдұң төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Жинға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу және оның 10-ын биыл пайдалануға беру жоспарланған. Өткен жылы мектептер құрылысына 19,6 млрд. теңге қаржы бөлініп, «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының шотына аударылды.

Биылға жоспарланған 24,5 млрд. теңгенің 50% авансы 31 шілдеде берілді. Қызылорда облысы әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізудің жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазір 10 мектепке инфрақұрылым жүргізу жұмыстары толық аяқталды.

Білім ошақтарының іргелес аумақтарын абаттандыруға, жол салуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, мердігерлер анықталып жұмыс жүргізілуде. Былтыр құрылысы басталған 10 мектептің 8-не мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы коммуналдық мекемелерге 52 жаңа арнайы техниканың кілтін табыстады. Іс-шараға Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев қатысты.

Аймақ басшысы сала еңбеккерлерін құттықтап, игі тілегін жеткізді. – «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын.

2013 жылғы қарашада Президентіміздің Жарлығымен қыркүйектің соңғы жексенбісі Еңбек күні болып бекітілді. Бұл – жасамаз ісімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген сіздерге деген құрметтің белгісі. Сыр өңірі қандай жетістікке жетсе де, қандай биіктен көрінсе де, өздеріңіз секілді еңбексүйгіш азаматтарымыздың еңбегінің жемісі деуге әбден болады.



Коммуналдық сала еңбеккерлерінің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін облыстық бюджеттен 2 млрд. теңгеге сатып алынған 5 арнайы техниканы «Қызылорда су жүйесі», 23 көлікті «Жасыл Қызылорда», 24 көлікті «Қызылорда тазалығы» мекемелеріне табыстаудамыз. Тұрғындардың таза, қолайлы ортада өмір сүріп, сапалы қызмет алуын жақсарту өте маңызды. Жаңа техникалар жұртшылықтың игілігі үшін қызмет етеді», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

АСТАНАДА БОЛҒАН ЖӘРМЕҢКЕ

Астана қаласында Қызылорда облысы тауар-өндірушілерінің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі екі күн бойы өтті. Елорда тұрғындарына Сыр өңірінің брендіне айналған ақ күріші, балығы мен ас тұзы, қауын-қарбызы, ұлттық сусындары жеткізілді.

Онда 80-ге жуық Сыр диқандары мен тауар-өндірушілерінің құны 270 млн. теңге болатын 600 тоннадан астам өнімдері ұсынылды.

Атап айтқанда, 300 тоннадан астам күріш, 6 тонна ет өнімдері, 30 тоннадай балық өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 180 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері бар. Келушілерге ерекше көңіл-күй сыйлау үшін Сыр елі өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама қойылды.

Аймақтың аграрлық саласында бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жолға

қойылған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді.

Осы жылдың 8 айында ауыл шаруашылығында 58,5 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,1%-ға артты.

Жалпы биыл 190 мың гектарға жуық жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылса, негізгі дақыл күріштің көлемі



Егісті әртарапандыру бағытында 2,6 мың гектарға, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 4,4 мың гектарға дақылдар егілді.

Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында диқандарға су қажетті деңгейде жеткізілді. Шаруашылықтар күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай жүргізді.

Егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанар-жағармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Бүгінде егілген 85,6 мың гектар күріштің 50,3 мың гектары орылып, 42,7 мың гектары бастырылды. Әр гектардан

Мал шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жолға қойылып, нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда ірі қара мал басы 36,6%-ға, қой мен ешкі 22,3%-ға, жылқы 0,1%-ға, түйе 4,3%-ға, құс 7,7%-ға көбейді.

Сондай-ақ, өңірдің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Бүгінде Сыр өлінің ауыл шаруашылығы өнімдері өлеңімнің 16 мемлекетіне экспортталуда.

Экспортталған өнімнің басым бөлігі – күріш. Ол Ресей, Беларусь, Өзірбайжан, Тәжікстан, Украина, Моңғолия, Өзбекстан және Ирак мемлекеттеріне жөнелтілуде.

БЕЙБИТ АТОМ ДЕГЕН

КӨМІР ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН ЖАПТЫ

Ұлыбританияда соңғы жұмыс істеп тұрған Рэтклифф-он-Сор көмір электр станциясы жұмысын тоқтатты.

Өлемдегі алғашқы көмір электр станциясы Холборн Виадукты 1882 жылы Лондонда Томас Эдисон салған. Бұл тарихи оқиға Ұлыбританияда өнеркәсіптік революцияның бастауы болды. XX-шы ғасырдың бірінші жартысында көмір елдің барлық дерлік электр энергиясын қамтамасыз етті. 2012 жылы көмір Ұлыбританияның 39% қуат көзін құраған.

Алайда климаттың өзгеруіне қатысты ғылыми дәлелдер негізінде көмір лаптаушы қуат көзі екендігі дәлелденді. 2015 жылы Ұлыбритания үкіметі көмір қуатын он жыл ішінде тоқтатуға уәде берді.

Көмірден толығымен бас тарту бастамасы тез жүзеге асты. 2010 жылы жаңартылатын энергия көздері Ұлыбритания электр энергиясының тек 7%-ын ғана қамтамасыз етсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 50%-дан асып, көмір жағуды біржолата тоқтатуға мүмкіндік берді. Жасыл энергияға көшудің сәтті жүзеге асқаны соншалық көмір электр станцияларын жабу жоспары межеден бұрын орындалды.

Қоршаған орта министрі Лорд Дебен Ұлыбритания көмірге тәуелді мемлекет болғанын және қазір оны бірінші болып тоқтатып жатыр дейді.

Ұлыбританияда көмірден электр энергиясын өндіру тоқтап, қазба отынына деген 142 жылдық тәуелділік аяқтады.

КӨРШІЛЕРІНЕ САТЫП ОТЫР

Чехия. Чехияда электр энергиясының үштен бірін өндіретін алты ядролық реактор бар. Алғашқы коммерциялық ядролық реактор 1985 жылы пайдалануға берілді. Бұл ретте Үкімет атом энергетикасының болашағын берік ұстанады. Мәселен, Чехия үкіметі 2040 жылға қарай ядролық қуаттың айтарлықтай өсугін көздейді.

Еуроодақ депутаты Томаш Здоховский:

— Бізде атом электр станциясын пайдаланудың жақсы тәжірибесі бар. Чехияда ядролық отынмен жұмыс істейтін екі станция бар — «Дуковани» және «Темелин». Екі станция да Чехиядағы барлық энергияның үштен бірінен астамын өндіреді. Бұл бізге саланың тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Біз энергияны көршілерімізге экспортта аламыз. Мысалы, Австрия немесе Германияға.

ЕСКІСІН ЖАҢАҒА АЛМАСТЫРАДЫ

Мажарстан. Мажарстанда елдің электр энергиясының жартысына жуығын өндіретін төрт ядролық реактор бар. Алғашқы коммерциялық ядролық реактор 1982 жылы пайдалануға берілген. 1956 жылы Венгрияның Атом энергиясы жөніндегі ұлттық комитеті құрылған. 1966 жылы Мажарстан мен Кеңес одағы арасында атом электр станциясын салу туралы мемлекетаралық келісімге қол қойылған. 1967 жылы Будапешттен оңтүстікке қарай 100 шақырым жердегі Пақш алаңы таңдалды. 1971 жылы 880 МВт Атом зауытына тапсырыс берілді, алғашқы блоктың құрылысы 1974 жылы, ал екіншісі 1979 жылы басталды. Төрт ВВЭР-440 реакторы (V-213 моделі) 1982-1987 жылдар аралығында іске қосылды.

Еуроодақ депутаты Андрош Ласзю:

— Мажарстан ескісін алмастыратын жаңа атом электр станцияларын салуға инвестиция салуға шешім қабылдады. Елде Атом энергиясы саяси тұрғыдан өзекті мәселе емес. Біздің «Фидеш» партиясы келесі атом электр станциясының құрылысын қолдайды. Әрине, атом энергетикасына қарсы топтар бар. Бірақ Мажарстанда бұл маңызды тақырып емес екенін қайталаймын. Жұмыс істеп тұрған атом электр станциясы елдің барлық энергиясының шамамен 50 пайызын өндіреді.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Абай СЕРІКҚАНОВ:

ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІП ЖҮР

Атом физикасы бойынша еліміздің ғылыми әлеуетін анықтау үшін Ғылым академиясы өткен жылдан бастап Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталықтың, Семей қаласындағы Ядролық қаруды қолданудың салдарын жою орталығының, Өскемен қаласындағы Үлбі металлургиялық зауытының, Алматыдағы Ядролық физика институтының жұмысымен танысты. Сондай-ақ, біз Дубна қаласында орналасқан халықаралық Үкіметаралық ғылыми-зерттеу ұйымы — Біріккен ядролық зерттеулер институтына барып көрдік. Оның құрылтайшыларының бірі - біздің мемлекетіміз. Мұнда 100-ге жуық қазақстандық ғалымдар зерттеу жүргізіп жүр. Ондағы ғалымдардың орта жасы - 27. Соңғы 2 жылда олар жоғары рейтингті журналдарда 316 ғылыми мақала жариялады.

Бейбіт атом саласына мамандар Серікбаев атындағы ШҚТУ, Аманжолов атындағы ШҚУ, Шәкәрім атындағы СМУ, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Сәтбаев атындағы ҚҰТЗУ және Дәукеев атындағы АЭБУ-да дайындалады. Атом саласының ғылыми нәтижелеріне келсек, соңғы жылдары 473 мақала жоғары рейтингті журналдарда жарияланған. Бұл осы саладағы жақсы іргетас бар екенін көрсетеді. Айтылған көрсеткіштерге сүйене отырып, Қазақстанның бейбіт атом саласын дамытуда айтарлықтай әлеуеті бар деген байламға келеміз.

«Қазақстанның энергиямен жабдықтаушы ұйымдары қауымдастығы»

ЗТБ төрағасы Сергей АГАФОНОВ:

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫНА ТАП БОЛДЫҚ

— Біз электр қуатының тапшылығына тап болдық. Қазір электр энергиясы бойынша тәуелділікті жылына шамамен 60 млрд теңгеге бағалап отырмын. Тапшылықтың негізгі кезеңі екі жыл бұрын байқалған. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш арта түседі. Қазірдің өзінде импорттық электр энергиясының бағасы біздегіден үш есе қымбат. Әрине, бір атом электр станциясы бұл мәселені шешпейді, бірақ атом энергетикасын дамытуға серпін береді. Жеке өз басым үш атом электр станциясы елеулі үлес қосады деп ойлаймын.

Қазіргі кезде Қазақстанның энергетикалық балансының құрылымында көмір генерациясы 70 пайыздан астам. Мен жаңартылатын энергия көздерін көбейтуді қолдаймын, бірақ тек жаңартылатын энергия көздері арқылы көміртегі

“ӨЗ АҒАМЫЗ” АТОМ САЛЫП ЖАТЫР...

Белгілі өзбекстандық физик-ядролық, Ташкенттегі Ұлттық ядролық зерттеу университеті филиалының оқытушысы Шохмирзо УМАРОВ:

Өзбекстан өңірдегі алғашқы аз қуатты атом электр станциясын (АЭС) салуға кірісті. Қазіргі уақытта құрылыс алаңы дайындалып, жобалау жұмыстары басталды.

Өзбекстан аумағында АЭС салу идеясы 1970 жылдардан бастап талқыланып келді. Дегенмен түрлі жобалар келіссөз деңгейінде қалып отырды. АҚШ, Қытай, Франция және Оңтүстік Корея сияқты елдердің ұсыныстары зерттелді, бірақ түпкілікті келісім «Росатоммен» жасалды.

Биыл 27 мамырда Өзбекстанда аз қуатты АЭС салу туралы шешім қабылданды, яғни елімізде әрқайсысының қуаты 55 МВт болатын (жалпы қуаты 330 МВт) 6 энергоблок бой көтермек. 10 құрылықте осы жұмыстарды бастау туралы хаттамға қол қойылды. Оған сай, жобалық құжаттарды дайындау ісі қолға алынды.

АЭС салу шешімін қабылдаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, біз цифрлық экономикаға ойысып жатырмыз. Бұған дейін «Цифрлық Өзбекстан» стратегиясы қабылданды. Оған сай, барлық саланы

бейтараптығына қол жеткізе алмаймыз.

Атом электр станцияларынан тиімді ештеңе жоқ. Электр станциясы 80 жылдай уақыт жұмыс істейді, яғни бұл кезеңдегі өзін-өзі ақтауға 20 жыл ғана мерзім керек. Қалған 60 жыл бойы ол 90% тиімділікпен жұмысын жалғастырады.

Жаңартылатын энергия көздерінің жұмыс істеу мерзімі қысқа — шамамен 25 жыл, ал бұл уақыттың жартысы станция шығындарын ақтауға жұмсалады. Қазақстандағы мұндай станциялардың тиімділігі 40 пайыздан аспайды.

Баршамыз көмірмен энергия өндіретін станциялардың мұржасынан күнделікті шығып жатқан түгінді көріп жүрміз. Олар қоршаған ортаға күл мен шаң шашып, ластан отыр. Көмір шаңы да қауіпті екенін білуіміз керек.

цифрландыру процесі жүріп жатыр.

Өзбекстан аграрлық-өнеркәсіптік елден өнеркәсіптік мемлекетке айналуға ниетті. Сондықтан бұлардың барлығы үздіксіз электр энергиясын қажет етеді. Тиісінше, біздің елдің энергобалансында барлық энергия өндіру көздері болуы тиіс: күн, жел, су электр станциялары және АЭС.

Жизақ облысында ірі энергетикалық нысан бой көтереді. Сөйкесінше, оған қажетті инфрақұрылым қалыптасады, атап айтқанда жол, аурухана, мектеп. Мұның барлығы Жизақ облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері анық.

Кепшілігі АЭС көп су тұтынады деп ойлайды. Дегенмен бұл жаңсақ пікір. Егер қуаты бірдей болса, онда АЭС те жылу электр станцияларымен (ЖЭС) бір мөлшерде су тұтынады. Өйткені, екеуінде де термодинамикалық цикл жүреді, яғни су бұға айналады, кейін ол турбинаны іске қосады да әрі қарай ол бу конденсат күйінде тұнады.

Бұл цикл АЭС-те де, ЖЭС-те де бірдей. Біз алдағы уақытта өңірде су тапшылығы болуы мүмкін екенін ескере отырып, реакторларды «құрғақ» салқындату жүйесін қолдануға ниеттіміз. Ол тұтынатын судың шығынын шамамен 10 есе азайтады.

КОРЕЯ РЕАКТОРЫ ҚАНДАЙ?

Кореяда 26 реактор жұмыс істеп тұр. Олар мемлекетке қажетті жалпы электр энергетикасының 30 пайызын өндіреді. Оның бірі — Син-Ханул-2 реакторы өткен жылы ғана пайдалануға берілген. Мұнан бөлек, Сеул-3 және Сеул-4 реакторлары салынып жатыр. Сонымен қатар 2 реактор жұмысын тоқтатқан. Ал корейлік компаниялар салған бір АЭС шетелде, яғни, Біріккен Араб Әмірліктерінде жұмыс істеп тұр. Кореяның өзіндегі және БАЭ-дегі АЭС-тер APR-1400 реакторымен жұмыс істейді.

Оңтүстік Кореяда атом электр стансасы 4 бөліктен тұрады десек болады: реактор ғимараты, ядролық қалдық қоймасы, трубина ғимараты және басқару алаңы. Ал реактор орналасатын ғимарат күмбез түрінде салынады. Алдымен ғимарат салынатын алаңның табанына гранит тасы төселіп, үстіне бетон құйылады. Күмбез биіктігі — 72 метр. Бұл 24 қабатты үйдің биіктігімен пара-пар. Диаметр — 54 метр. Қабырғасының қалыңдығы — 1 метр 37 сантиметр. Қабырғаны айналдыра диаметрі 57 мм арматура жіберіліп, күмбезді бойлай жоғары-төмен 6 мм бірнеше ондаған арматурадан өрілген қосымша жуан темір арқан салынады. Содан кейін бетон құйылады. Мұндай қалыңдықтағы әрі көптеген арматурамен құйылған қабырға тосыннан реакторда апат болған жағдайда радиацияның сыртқа таралуына жол бермейді. Сырттан ұшақ соғылса да, зеңбірекпен атқыласа да былқ етпейді. 900 мың тонналық соққыға төтеп береді.

Реактор электр энергиясын өндіру үшін ішінде 900 мыңға жуық ядролық отын салынған капсула қолданылады. Капсула — табанының барлық қабырғасы 20 см болатын, ұзындығы 4 метр болатын және ұзынынан әр қабырғасына 16 темір өзекше жіберілген құрылғы. Мұндай бір құрылғының салмағы — 640 келі. Реакторға осындай 241 капсула бірден салынады және 1,5 жылдан кейін оның 10-ы ауыстырылып отырады. Осы капсулаларды алмастыру үшін реактор жұмысы 7-10 күнге уақытша тоқтатылады. Айта кетерлігі, баланың саусағындай ғана болатын кішкентай бір ядролық отын 15 тонна көмірдің электр энергиясын беруге қауқарлы.

Реактор орналасқан алаңның төменгі қабатында қуаты сарқылған капсулаларды сақтауға арналған қойма бар. Қойма — ені шамамен 10, ал ұзындығы 15 метр болатын бассейн. Бассейн 100 пайыздық бор қышқылына толытырылған. Сеул-1 реакторының астындағы осындай бассейнде 200 капсула сақталып тұр. Сақтау мерзімі — 20 жыл. Осы мерзімде бассейн толып кетсе, онда басқа қоймаға ауыстырылады. Ядролық отынның қуаты сарқылып, жарамсыз күйге түссе де жылу бөлуні жалғастыра береді. Мәселен, 200 капсула салынған бассейндегі бор қышқылының жылуы — 30 градус. Ал бассейнде таза су болса, онда оның қызуы мұнан әлдеқайда жоғары болмақ, яғни капсула радиация бөлуні жалғастыра береді. Сондықтан, оңтүстіккорейліктер ядролық отын қалдықтарын жерге көму сынды шараны қарастырып та отырған жоқ.

Сеул атом электр стансасы реакторды салқындату үшін Сары теңізден секундына 50 тонна су алып отыр. Осы суды реактор 324 градусқа дейін ысытып, оны құбыр арқылы бу генераторына айдайды. Бу генераторында су 240 градуса дейін төмендетіліп, жоғары қысым турбинасына жетеді. Сөйтіп, ротар бойындағы бассейндегі айналдыру арқылы электр энергиясын өндіреді. Турбинадағы қысым — 158 бар (қысым өлшем бірлігі). Қалақшалар бір минуттың ішінде 1 800 айналып жасап, 24 мың вольттық электр энергиясын тудырады. Жоғары қысым турбинасында су 10-40 градуска дейін салқындайды. Ал теңізге қайта құйылатын кезде судың температурасы шамамен 7-8 градус болады. Жалпы, бұл реакторларда қолданылатын судың булануы, ауаға таралуы 0 пайызға тең. Теңізге құйылатын су радиацияға да ұшырамайды. Өйткені, реакторды салқындататын су мен теңізден алынған су бір-бірімен араласпайды, яғни тұйық цикл технологиясы қолданылған.

“Қазақстандық атом электр станциялары” ЖШС-і

«Ma’no» зерттеу бастамалары орталығының директоры Бахтиёр ЭРГАШЕВ: — Атом электр станциясының Орталық Азия елдері үшін ұтымды тұстары көп. Сондықтан түрлі қуаттағы АЭС-терді салу «энергия-мәкті» сақтап тұруға бағытталған. Қандай да бір энергия өндіру көздеріне тәуелді болып отыру орынсыз. Бұған дейін Өзбекстан қуаты 2,4 млрд МВт болатын үлкен АЭС салуды жоспарлаған. Дегенмен, қазір сол белгіленген орында аз қуатты атом электр станциясының құрылысын бастау көзделіп отыр.

“РОСАТОМ” ӨЗБЕКСТАНДА АЭС САЛАДЫ

Өзбекстанда ресейлік технология бойынша өңірдегі алғашқы аз қуатты атом электр станциясы салынады. Оның құрылысын бастау туралы құжат-қа Ресей Президенті Владимир Путиннің биыл 27 мамырда Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында қол қойған.

Сарапшылардың болжамына сай, 2050 жылға қарай Өзбекстанда энергияға деген сұраныс 2 есе артады. Тиісінше, экономиканы тұрақты дамыту үшін ел үкіметінің алдына негізгі энергия көзін жасақтау міндеті қойылды.

Ведомствоның мәліметінше, әрқайсысының қуаты 55 МВт болатын 6 реактор Жизақ облысындағы Тузкан

көлінде салынады. Ресейлік «Росатом» құрылыстың бас мердігері болады, сонымен қатар құрылысқа өзбекстандық компаниялар да тартылады.

Жизақ облысында салынатын аз қуатты АЭС-тің реакторлары «РИТМ-200H» деп аталады. Атом энергиясы агенттігінің ақпаратынша, ол Ресейдің атом энергетикасы саласындағы ең озық технологиялары қолданыла отырып әзірленген. Әр реактордың жылу қуаты — 190 МВт, өндіретін электр қуаты — 55 МВт, қызмет ету мерзімі — 60 жылға дейін. «РИТМ-200H» сериялы реакторлар Арктиканың қатал климаттық жағдайында жүк тасымалымен

айналысатын кемелерге орнатылып, сынақтан өткен.

2012 жылдан бастап «Арктика», «Сібір», «Орал», «Якутия» және «Чукотка» әмбебап мұзжарғыш кемелері үшін 10 «РИТМ-200» реакторы жасап шығарылды. Алғашқы үшеуі қазірдің өзінде пайдалануға беріліп, Арктиканың батыс аймағындағы кемелерде қолданылып келеді. Сондай-ақ, «РИТМ-200» реакторы базасындағы АЭС бүгінде Усть-Куйга ауылында (Якутия) салынып жатыр. Оның бірінші энергоблогын 2027 жылы іске қосу жоспарланса, ол толық қуатта 2028 жылдан бастап жұмыс істемек.

Жизақ облысында салынатын аз қуатты АЭС-тің реакторлары «РИТМ-200H» деп аталады. Атом энергиясы агенттігінің ақпаратынша, ол Ресейдің атом энергетикасы саласындағы ең озық технологиялары қолданыла отырып әзірленген. Әр реактордың жылу қуаты — 190 МВт, өндіретін электр қуаты — 55 МВт, қызмет ету мерзімі — 60 жылға дейін. «РИТМ-200H» сериялы реакторлар Арктиканың қатал климаттық жағдайында жүк тасымалымен

ҚОРҚЫНЫШ ЕМЕС...



**“ҮЛКЕН”
ҮЛКЕН БЕ?**

Үлкен ауылы Жамбыл ауданының солтүстік-шығыс бөлігінде, аудан орталығынан 289 шақырым, Алматы облысының орталығы саналатын Қонаев қаласынан 330 шақырым қашықтықта, Балқаш көлінің жағалауында орналасқан. Ауылдың жалпы ауданы 7,7399 гектарды, ал елдің мекенін ауданы 217 гектарды құрайды екен.

80 жылдардың ортасында дәп осы ауылда Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін қуаты 4 000 МВт-тық Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік аудандық электр стансасын салу жоспарланған болатын. Алайда, жоба өнеркәсіптік өндірістің күрт қысқаруына және электр энергиясын тұтыну көлемінің төмендеуіне байланысты тоқтатылған. 1986 жылы елді мекен Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының құрамына Алматы облысының Күрті ауданы құрамына беріліп, жұмысшылар ауылы санатына жатқзылған.

Үлкен ауылының тұрғындары негізінен балық өнімдерін қайта өңдеумен және саудалаумен, сондай-ақ таяу және алыс шет елдерге экспорттаумен айналысады. Тұрғындар Балқаш көлінен балық аулап, оны

өңдейді. Ауылда екі балық кәсіпорны жұмыс істеп тұр.

Ауылда энергетикалық «KEGOC» АҚ компаниясының филиалы орналасқан. Оның мамандары жергілікті трансформаторлар мен шағын стансаларға қызмет көрсетеді. Сондай-ақ ауылда бір орта мектеп, уәсәкелік полиция, дәрігерлік амбулатория, дәрханана, мектеп кітапханасы мен пошта бөлімшесі бар. Сонымен қатар екі тұтынушылық кооператив, 23 дүкен, 5 асхана, дәмхана, жанар-жағармай құю стансасы, демалыс аймағы, фотосалон, екі қонақ үйі, екі шаруа қожалығы жұмыс істейді екен.

1987 жылы 1 176 орынға шақталған орта мектеп ашылған. Онда 268 бала білім алады. Ал мектеп жанындағы шағын орталықта 50 бала тәрбиеленеді.

Ауылда жеке тұрғын үй жоқ, көпқабатты 31 үй бар. Оның 24-і ауыл округінің балансында. 22 үйде адамдар тұрады. Қалған үйлерде ешкім тұрмайды, бос. Бұл үйлер 1984-1990 жылдары салынған. Сондықтан қазіргі уақытта ескіріп, тозып тұр. Үйлерде жеке-жеке электр қазандықтары

орнатылған. Пәтерлерге сол арқылы жылу беріледі. Ауылда табиғи газ жоқ. Тұрғындар газ баллонын қолданады. Ауылда интернетпен және электр энергиясымен байланысты еш мәселе жоқ.

Бүгінде елді мекенде 3 мыңдай адам тұрып жатыр. - «Адамдардың көңіл-күйі жақсы. Жергілікті тұрғындардың көпшілігі АЭС құрылысын қолдайды және аталған жобаның жүзеге асырылуын тағатсыздана күтіп жүр. Соңғы жылдары бұл мәселе елімізде жан-жақты талқыланып жатыр. Ауылымыз электр орталығын салу жоспарланған еді. Алайда, екі жоба да жүзеге аспай қалды. Енді міне үшінші мәрте АЭС салуға талпыныс бар. Егер халық АЭС қажет деп шешім қабылдаса және ол Үлкенде салынуы тиіс болса, онда ауылды айтарлықтай оң өзгерістер күтіп тұр», - дейді, ауылға АЭС салуынан үлкен үміті бар ауыл әкімі К.Кесенов.

Энергетика министрлігі Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ғұмар СЕРҒАЗИН:

БІЗДЕ МАМАНДАР ТАПШЫ БОЛАДЫ ДЕГЕН ҮӘЖБЕН КЕЛІСПЕЙМІН

Атом энергетикасын дамытуды энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысында қарастырып отырымыз. Сарапшылар алдағы кезеңде электр энергиясы бойынша елеулі тапшылық болуы мүмкін екенін айтып жатыр. Әлемнің біраз мемлекеті атом энергетикасын дамытып келеді. Қазақстан мамандары қарастырып отырған реакторлар III+ технологиясына жатады, яғни бұлардағы қауіпсіздік деңгейі өте жоғары.

Референдумда қолдау болса, біз келіссөзге кірісеміз. Мәселен, 2025 жылы вендорды анықтау, үкіметаралық келісімдер мен тиісті шарттарды бекіту үшін дайындық жұмыстарын атқару керек. Жалпы, АЭС құрылысына 5-6 жыл, сондай-ақ дайындық

жұмыстарына 3-5 жыл уақыт керек. Біз 2 реактордың құрылысын қарастырып отырмыз. Осының бәрін ескере отырып, 10-11 жыл аралығында атом электр станциясын пайдалануға беруге болады.

Еліміздің осы салада ғылыми және кадрлық әлеуеті бар. Сонымен қатар, АЭС құрылысына қатысатын вендорды таңдаған кезде, олармен бірге отандық ғалымдардың білімін жетілдіру бағдарламасын даярлаймыз. Атап айтқанда, 10 жыл ішінде мамандардың бірнеше буынын дайындауға өткізу мүмкіндігі бар. Шетелдік АЭС-терде біздің мамандарды тағылымдамадан өткізе аламыз. Сондықтан бізде мамандар тапшы болады деген үәжбен келіспеймін.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ядролық физика кафедрасының оқытушысы Амангелді НУРҒАН:

ЗИЯНДЫ ЗАТТАР 0 ТОННАҒА ТЕҢ

Елімізде органикалық отынды жағу кезінде көмірқышқыл газы - 81,6 пайыз, метан - 12,4 пайыз және азоттың шала тотығы 5,6 пайыз бөлінеді. Бұл - зиянды заттар. Айталық, жылу электр орталығы мен атом электр стансасы 1 ГВт электр энергиясын өндіреді делік. Сол кезде ЖЭО 120 мың тоннаға дейін күкірт тотығын, 20 мың тоннаға дейін азот тотығын, 1 500 тоннаға дейін майда күл, 3 млн тоннаға дейін көмірқышқыл газын, 300-400 мың тоннаға дейін құл шығарады. Ал АЭС-те мұндай зиянды заттар 0 тоннаға тең.

1200 МВт екі блоқты АЭС салқындату мұнараларындағы судың жылдық шығыны 0,063 млрд текше метр деп бағаланады. Балқаш көлінің көлемі -108 млрд текше метр. Балқаш көлінің бетінен булану көлемі жылына 18,934 млрд текше метрді құрайды. Яғни, Балқаш көлінен АЭС қажеттіліктері үшін жұмсалатын жылдық су ысырабы оның табиғи булануының шамамен 0,33 пайызына ғана тең.

2050 жылға қарай барлық елдің АЭС-інен өндірілетін электр энергиясы 792 ГВт дейін 2 есеге артады. Жалпы, әлемде 415 реактор жұмыс істе тұр. Олар 373 735 МВт электр энергиясын өндіреді.

Әлемнің 15 елінде 60 реактор салынып жатыр. Бұл реакторлар пайдалануға берілген кезде қосымша 62 637 МВт электр қуатын өндіретін болады.

«Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур ЖАНТИКИН:

БҰЛ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫЗ

Біз су ішіндегі су атом реакторын таңдап қойдық. Қауіпсіздік мәселесінде бір проблема болған. Сол проблема аздап шешілмей жатыр деуге болады. Біз салсақ деп отырған 1200-1400 мегаваттық атом реакторын Қазақстанның энергетика жүйесіне кіріктіру оңай шаруа емес. Төпе-теңдікті сақтау, апаттық сәтсіздіктер кезінде тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты мәселелер айқын емес. Бірақ оның бәрін шешуге болады. Ең оңтайлы жолын табу керек.

Қазақстанның жүйесіне шағын қуатты реакторлар жақсы келер еді. Мысалы, тоқсаншы жылдары 640 МВт-тық су ішіндегі су атом реакторын салмақшы болдық. Қазір шағын модульдік реакторлар санға шыға бастады. Ал біз 2000 жылдардың басынан бері бұл тақырыпты зерттеп келе жатырмыз. Ақтауда Манғыстау атом энергетикалық комбинатының алаңында АЭС салуға бағытталған жоба болған. Ол жерде 300 МВт-тық екі блок орнатпақ болғанбыз. Қазір әлемнің шағын модульді реактор деп жүргені сол. Бұл істе біз жер шарының алдына шығып кеткенбіз. Осының бәрін ескерсек, шағын модульді реакторларды да есептен шығарған жоқпыз. Біздің компания осы технологияны ұсынатындармен серіктестік жөнінде меморандумға қол қойды. Өте сезімтал ақпараттарды алмасумен байланысты басқа да құжаттар бар. Бұл америкалық компаниялардың бірі — NuScale Power. Екіншісі — General Electric. Бұл жапон-америкалық бірлескен кәсіпорын болып есептеледі.

ТҮРКИЯДА “РОСАТОМ” ЕКІНШІ АЭС САЛАДЫ

Ресейлік «Росатом» мемлекеттік корпорациясының Түркияның Синоп қаласында екінші атом электр стансасын салуға өтінімі басқа бәсекелестерінен басым түскен.

Түркияның Энергетика және табиғи ресурстар министрі А.Байрактар: «Росатом» - Түркияға инвестиция салып, атом электр станцияларын салуда біршама тәжірибе жинақтаған компания.

Синоп атом электр станциясы мемлекеттік және жеке сектор арасындағы бірлескен кәсіпорынға айналуы мүмкін және оны лицензиялау шамамен 2-3 жылға созылады. Сондай-ақ түрік билігі Қытаймен Фракияда АЭС салу және АҚШ-пен шағын модульдік реакторлар салу туралы келіссөздерді жалғастырып жатыр. Америкалық Westinghouse Electric Company Түркияда шағын және қарапайым атом реакторларын салуға ниетті.

Түркияның Энергетика министрлігі Оңтүстік Корея мен ҚХР ұсыныстарын да қарастырып жатыр, бұл процесс әлі аяқталған жоқ.

2050 жылға қарай Түркия жалпы генераторлық қуаты 15 мың МВт болатын жалпы 12 реактор салуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта Росатом Түркиядағы алғашқы Аккую атом электр станциясының құрылысын жүргізіп жатқандығы белгілі.

Ядролық физика институты атом энергиясының қауіпсіздігі мәселелері зертханасының меңгерушісі, Энергетика министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы салалық кеңесінің мүшесі, Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі, PhD докторы Өсет ШӘЙМЕРДЕНОВ:

ҚАЗАҚСТАН ЯДРОЛЫҚ САЛАҒА ЖАҢАДАН КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТ ЕМЕС

Атом саласы - атом өнеркәсібінің, энергетиканың және ғылымның жиынтығы. Сондықтан сала мамандары көптеген мәселені шешумен айналысады. Басты міндетіміздің бірі – болашақта және бүгін пайдаланылатын ядролық энергетикалық реакторлар қауіпсіздігін арттыру. Атап айтқанда, ядролық бөлшектердің түрлі элементтермен өзара әрекеттесуін зерттеу, ядролық реакцияның тұрақтылығын анықтау, материалдардың радиациялық сәулеленуі қасиеттерінің әсерін зерттеу, медицина мен өнеркәсіп үшін заманауи және перспективалық радиоизотоптарды өндіру технологияларын әзірлеу, ауыр апаттар мен олардың салдарын анықтау. Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде медицина мен өнеркәсіп салаларына арналған радиофармацевтикалық препараттар мен радиоизотопты өнімдер шығаруды жолға қойдық. Қазір ауруханаларды өмірлік маңызды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп жатырмыз, яғни елімізде өндіріліп отырған радиофармацевтикалық препараттардың 90%-ын институт өндіреді.

Біздің зертхана (Атом энергиясының қауіпсіздігі мәселелері зертханасы) ядролық және радиациялық технологияларды әзірлеуден бастап ядролық және термоядролық реакторлардың перспективалық конструкцияларын және функционалдық материалдарын реакторлық сынауға дейінгі қызметтердің кең спектріне ие. Зертханада екі ірі қондырғы бар. Сындық стенд

- нөлдiк қуатты ядролық реактор және газ-вакуумдық ілмек қондырғысы. Сондай-ақ, біз ядролық объектілердің жобалық құжаттамасының ядролық, радиациялық және ядролық-физикалық қауіпсіздігіне сараптама жүргізіп жатқанымызды атап өткім келеді. Зертханада 16 маман жұмыс істейді. Оның 60%-дан астамы 40 жасқа толмаған. Зертхана қызметкерлері халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға, семинарларға, техникалық кездесулерге үнемі қатысады. Зертхана Жапония, Германия, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, Латвия ұйымдарымен кең халықаралық ынтымақтастыққа ие.

Егер атом саласының ролін нақты сипаттамалар тұрғысынан қарастыратын болсақ, мен атом саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің санын айтқым келеді, онда оның ролі жоғары емес. Қазақстанда атом саласында жұмыс істейтін үш ірі мемлекеттік кәсіпорын бар – олар «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ, «Ұлттық ядролық орталық» және «Ядролық физика институты» РМҚ. Бұл мекемелерде барлығы 25 мыңға жуық маман бар. Алайда, Қазақстандағы атом саласының әлеуметтік-экономикалық ролі орасан зор. Мысалы, Қазатомөнеркәсіп уран кенін өндіріп қана қоймай, сонымен қатар АЭС үшін жылу бөлетін жинақтар, қосылған құны жоғары түпкілікті өнім шығарады. ҚР ҰЯО атом энергетикасының қауіпсіздігін

арттырумен және бұрынғы Семей сынақ полигонындағы радиациялық қауіпсіздікті мониторинг жасаумен айналысады. ЯФИ - медицина мен өнеркәсіпке арналған радиоизотоптардың (радиофармацевтикалық) қоса алғанда) елдегі ең ірі өндірушісі. Азғыр полигонындағы радиациялық жағдайға мониторинг жүргізеді, өнеркәсіпте, медицинада және ауыл шаруашылығында радиациялық технологияларды әзірлейді және енгізеді.

Меніңше, бұл мәселеде халық санасында бірнеше бағыттағы үрей бар сияқты. «Атом» сөзінен қорқудың бірінші себебі – Семей полигоны. Оның зардабын тұрғындар әлі де тартып келеді. Екінші себеп, менің ойымша, халықтың атом саласы туралы жетік білмеуіне байланысты. Ал адам бірдене білмесе, одан әлбетте қорқады.

Қазақстан ядролық салаға жаңадан келген мемлекет емес. Біздің ел уран өндіруден әлемде бірінші орында және осы элементтің барланған қоры бойынша екінші орында. Қазақстан Ақтау қаласында жылдам нейтронды атом электр станциясын да іске қосты. Өскемендегі Үлбі металлургиялық зауыты Қытайдың атом электр станциялары үшін жылу жинақтарын шығарады, ал еліміздегі төрт ғылыми-зерттеу реакторы атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бойынша белсенді зерттеулер жүргізіп жатыр. Бұл жетістіктер

АЭС құрылысы жобасын жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде қолдау көрсетуге қабілетті мамандарды дайындаудың жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақстанда атом энергетикасының табысты дамуына негіз жасайтын бірегей ресурстар мен білікті кадрлар бар.

Атом электр станциясының артықшылығы көп. АЭС - бұл тұрақты электр энергиясының көзі ғана емес, сонымен қатар ғылымды қажетсінетін және инновациялық технологияларды дамытудың драйвері. Бүгінгі таңда еліміздің болашақ энергия тапшылығын, атом электр энергиясының жаңа көздерін салу қажеттілігі айқын болып отыр. Жаңартылатын электр көздері елдің электр энергиясына деген қажеттілігін жаба алмайды өйткені мұндай көздер өзгермей, тұрақсыз және қуаты аз. Қазақстанда жаңа МАЭС салу үшін су ресурстары (өзендер) аз. ЖЭО-ны қолдануды кеңейту орасан зор экологиялық проблемаларға алып келеді және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу тұрғындарымызға қиынырақ келеді. Сонымен қатар электр энергиясын қамтамасыз ете алатын атом электр станциясы ғана қалады. Сонымен қатар бұл электр энергиясының басқа көздері дамымайды дегенді білдірмейді. Елдің энергетикалық жүйесі теңдестірілген және ортақтандырылған болуы керек.

“Kazinform” материалдары негізінде дайындалды

Қалаішілік және қала аумағына қатынайтын маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЕ о проведений конкурса на право обслуживания автомобильных регулярных перевозок пассажиров и багажа по внутригородскому и пригородным маршрутам

1. Қызылорда қаласы әкімдігі 2024 жылғы 5 қараша күні, Жахаев көшесі №16 мекен-жайда орналасқан, қала әкімдігінің мәжіліс залында жолаушылардың және багаждың қалалық қала маңындағы елді мекендерді жалғастыратын тұрақты автомобиль тасымалдарының маршрутына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

1. Акимат города Кызылорда объявляет о проведений конкурсов на право обслуживания маршрутов регулярных внутри городских автомобильных перевозок пассажиров и багажа 5 ноября 2024 года по адресу: улица Жахаева №16, акимата города Кызылорда.

Table with columns: Лоттың нөмірі, Маршрут нөмірі, Бағыты, Көлік түрі. Contains details for various bus routes from lot 1 to 12.

Table with columns: № лотов, № маршрутов, Направления маршрутов, Вид автотранспорта. Lists route numbers, directions, and vehicle types for lots 1 through 12.

3. Конкурса меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші, бір немесе екі маршруттың құрамын I-класты жаңа автобустармен толықтыру кабинеті бар, меншік нысанына қарамастан кез келген заңды немесе жеке тұлғалар қатысуға құқылы.

3. В конкурсе имеют право участвовать любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности или иных законных оснований, а также имеющие возможность на пополнение состава одного или двух маршрутов на новые автобусы I-класса.

ЖОЛБАРЫС ӘКЕЛУ НАУҚАНЫ СӘТТІ БОЛА МА?

Еліміздің Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Қазақстандағы сирек кездесетін аңдардың және жануарлардың генетикалық жүйесін түзеуге, олардың популяциясын сақтауға білек сыбана кіріскен сыңайлы. Биыл көктемде министрлік Торғай өңірінде Чехиядан жабайы жылқыларды алып келген. Енді Экология министрлігінің бастамасымен елге Нидерландыдан, Ресейден жолбарыстар әкелінеді. Бұл туралы мәжілісте депутаттардың сауалына жауап берген министр Ерлан Нысанбаев мәлімдеді.

дақылдарының тепе-теңдігін сақтап отыру үшін популяцияға жүгінеді. Мұны Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар да қолдайды. Экология министрі Нысанбаев та мұны қайта-қайта алға тартуды ұмытпайды. Жолбарыстарды әкелу үшін Дүниежүзілік табиғат қорымен меморандум жасалғанын, аңдарды шетелден Қазақстанға әкелу қаржысы да солардың есебінен өтелетінін құлаққағыс етті. Хощ, шетелден сирек кездесетін аңдар мен жануарлар әкелінсін делік. Бұған қатысты арнайы бағдарлама мен жобалар жасалсын. Тіпті Қазақстан таралынан шетелден тасымалдау шараларына қаражат та шықпасын. Алайда ол жануарлар мен аңдар жеріне ме?

Генетик мамандардың айтуынша, аңды жерсіндірудің өзі қыруар еңбек. Ал жабайы жылқыларды да Торғайдың маңына әкеліп жібере салуға болмайды. Оларды арнайы күтіп баптайтын адам керек. Олардан тұқым алу үшін де сауатты жұмыстар жүргізілуі қажет.

болсам, жолбарыстардың да климатқа төзімділігі өлден зерттелуі керек. Министр жолбарыстардың хайуанттар бағында ұсталынатынын айтып отыр. Ал Амур жолбарысы генді тұрғыдан «Сібір қабыланы» деп аталады. Ол қақаған суықта жеке-дара орманда желіп жүретін аң. Оны бізге алып келіп, хайуанаттар бағына қамап қою да қисынға келмейді, – дейді генетикалық маман Айғаным Мұқанжоланованың өзінше әлеуметтік желісіндегі парақшасында.

ақ, өзгендердің бойындағы зауыттар мен фабрикаларды, шаруашылыққа пайдаланылатын мыңдаған гидротехникалық құрылыстарды қосыңыз. Мұның барлығы су шығынын жылдан жылға көбейте беретіні сөзсіз, – деді ғалым.

Популяция деградацияға апарып жүрмей ме?

Жалпы, экология заңында популяция деген бар. Кез келген ел өзінің елді мекенінде сирек бара жатқан аңдардың, жануарлардың, өсімдіктердің, ауыл шаруашылығы

Әкелу үшін Дүниежүзілік табиғат қорымен меморандум жасалғанын, аңдарды шетелден Қазақстанға әкелу қаржысы да солардың есебінен өтелетінін құлаққағыс етті. Хощ, шетелден сирек кездесетін аңдар мен жануарлар әкелінсін делік. Бұған қатысты арнайы бағдарлама мен жобалар жасалсын. Тіпті Қазақстан таралынан шетелден тасымалдау шараларына қаражат та шықпасын. Алайда ол жануарлар мен аңдар жеріне ме?

Арал мен Каспий және полигон аймақтарының не істейміз?

Қазір жолбарыс әкеліп, жорта кимылдағаннан гөрі Нысанбаев басқа мәселелерді шешуде белсенділік таныту керек. Өйткені елде бұдан да өзге бас қатыратын жайттар көп. Соның ішінде Аралдың азайып, Каспийдің тартылуы, Азғыр, Капустин Яр, Семей, Тайсойған, Байқоңыр ғарыш аялағының елге қауіпсіздігі деген өзекті мәселелер бар.

Ұшақ мініп келген қойлар

Бізге бұған дейін да популяциялық жұмыстар жүргізілген. Мысалы, 2013-2015 жылдары шетелден елге бірнеше мәрте асыл тұқымды жылқылар, сүтті сиырлар әкелінді. Сол кездерде да Прежевальский жылқысын елге әкелгендер болды. Тіпті Австралиядан бизы жүнді қойларды ұшақпен әкелген кездерде де куә болдық.

Елге жаппай шетелден асыл тұқымды мал басын әкеле бастау да популяциялық үрдіс.

Сол сәттерде министрлер «енді елде асыл тұқымды мал басы көбейеді» деп мақтанды. Бірақ көп ұзамай, ұшақпен әкелген қойлар біздің суыққа шыдамай, өле бастады. Сүтті сиырлар да климатқа үйрен алмады. Шетелде мольнан сүт беріп жүргендері біздің елге келіп сүт бермеді. Асыл тұқымды жылқының да кебі солай болды. «Оларды жерсіндіреміз, эмбриондарын алып, өзіміздің жылқылармен шағылыстырамыз» деген ғылыми орталықтардың көрген кемісі аз болды. Сондықтан өрбір популяцияны жасау үшін ғылыми негіз керек. Қазір бұл сала шынымен ақсап тұр. Негізінде, орманда болсын, ашық табиғатта болсын, тепе-теңдік сақталуы керек. Онсыз табиғи баланс бұзылады, – дейді А.Мұқанжоланов.

Гербарий қоры мен тұқым банкі қажет

Бұдан бөлек ең қажетті дүние – гербарий қоры мен тұқым банкі жасау. Осы арқылы елдегі сирек кездесетін өсімдіктер мен жойылып кеткен тұқым қорын жасақтап алғанымыз абзал.

Р.С. Бұл мәселелерді Ерлан Нысанбаев ескере ме, жоқ па, ол жағына сенімді өместіз.

«Таза бейсенбі» мен «Таза Қазақстан» деп, ұран мен науқандатып жүретін министрлік «аңдар мен жануарлардың популяциясын реттейміз» дегенде мамандардың пікіріне құлақ асты ма екен? Қазаққа «Арыстан айға шабам деп мерт болыпты» дейтін тәміш бар. Жолбарыс әкеліп, жыртып аңды көбейтпей деп, айды аспанға шығаратанның көбін киіп жүрмесек етті. Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ